

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Қостанай ауданы білім бөлімінің мемлекеттік тілде оқытатын
А.Байтұрсынұлы атындағы жалпы білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУ МАТЕРИАЛДАРЫ

Заречное ауылы.

2025 жыл

Тәрбие және оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына өлшемшарттар

Мазмұны

ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУ БӨЛІМДЕРІ	
Бөлім 1. Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы	
Бөлім 2. Кадрлық құрамға талдау	
2.1 Педагогикалық кадрлармен қамтылу (штаттық кесте/тарификация бойынша педагогтердің жалпы саны, лауазымдары бойынша, білімі бойынша талданады)	
2.2 Кемінде бес жылда бір рет педагогтердің біліктілік санатының деңгейін арттыру/растау туралы мәліметтер;	
Бөлім 3. Тәрбиеленушілер контингенті	
3.1 Жасына байланысты, тәрбиеленушілер контингенті туралы мәліметтер;	
3.5 Тәрбиеленушілердің қозғалысы туралы мәлімет	
Бөлім 4. Оқу әдістемелік жұмыс	
4.1 Білім беру салалары мен ұйымдастырылған оқу қызметі МЖМБС және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының талаптарына сай жүзеге асырылуы	
4.2 Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыру	
Бөлім 5. Жиһаз және жабдықтармен қамтылу туралы ақпарат	
5.1 Мектепке дейінгі ұйымдарды жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз ету "Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады (қосымша 4 қоса беріледі).	
Бөлім 6. Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры	
Әдістемелік ұсынымдарға сәйкес оқу-әдістемелік кешендердің болуы туралы мәліметтер	
Бөлім 7. Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектепалды жастағы тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелерінің болуы;	
7.1 Тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (бастапқы) болуы және нәтижелерін талдау;	
7.2 Үлгілік оқу бағдарламасына қосымшаға сәйкес балалардың жасын ескере отырып, тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингілеу нәтижелерінің (қорытынды) болуы және талдау	
Қорытындылар мен ұсыныстар	

БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫ ТУРАЛЫ НЕГІЗГІ МӘЛІМЕТТЕР

Мектептің құрылған жылы: - 2011 жыл

Мектептің бас ғимаратының арнайы салынып берілген жылы – 2011 жылы

Білім беру ұйымының толық атауы	Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай ауданы білім бөлімінің мемлекеттік тілде оқытатын А.Байтұрсынұлы атындағы жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Ұйымның заңды мекен-жайы және нақты орналасқан жері:	Заңды мекен-жайы: Индекс 111108, Қазақстан Республикасы. Қостанай облысы, Қостанай ауданы, Заречное ауылы. Северный шағын ауданы, 1
Заңды тұлғаның байланыс деректері:	Ұялы телефон: 8 747 464 27 41 Телефон 8-(71455) 37362 Электрондық почта info@baitursynyly-mektep.edu.kz Ресми сайты: https://baitursynuly-mektep.edu.kz/ru/
Мектеп басшысының аты-жөні, мектеп басшылығына тағайындалған құжаттары, бұйрығы:	Мектеп директоры Хажмуханов Копжасар Хажмуханович мектеп директорлығы қызметіне Қостанай ауданы білім бөлімінің басшысының 2018 ж 14 тамыздағы №244 бұйрығымен тағайындалған.
Құқық белгілейтін құрылтайшылық құжаттары:	Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай ауданы білім бөлімінің мемлекеттік тілде оқытатын А.Байтұрсынұлы атындағы жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Қостанай облысы әкімдігінің 2023 жылғы 28 желтоқсандағы № 578 қаулысымен бекітілген, ҚР Әділет Министрлігінің Әділет департаментінде 18.01.2024 ж. тіркелген Жарғы негізінде әрекет етеді
Рұқсат беру құжаттары: білім беру қызметіне	Білім беру қызметімен айналысуға

лицензия және оған қосымша мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны және жабылуы туралы құжаттар	арналған лицензия—№KZ26LAA00036302 28.12.2023ж Қызметті жүзеге асыруды бастағаны туралы № KZ26LAA00036302 10.04.2024 ж Мектепалды сынып ашу туралы 2012ж Дәрігерлік лицензия -№20002250 06.02.2020
--	---

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай ауданы білім бөлімінің мемлекеттік тілде оқытатын А.Байтұрсынұлы атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ

Мектепалды сыныптары өз қызметінде мынадай нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алады:

Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты»	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031
Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 09 қыркүйектегі №394 бұйрығы	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1200008275
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығы.	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600014235
Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығы.	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029329
Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319
Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормалары 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығы	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013272
«Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары 2021 жылғы 9 шілдедегі ҚР ДСМ №59 бұйрығы	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100023469

2.КАДРЛЫҚ ҚҰРАМҒА ТАЛДАУ

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай ауданы білім бөлімінің мемлекеттік тілде оқытатын А.Байтұрсынұлы атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ 2025-2026 оқу жылында мектепалды сыныптары педагог кадрлармен қамтылып, штаттық кестеге сай бекітілді. Білім беру ұйымының штаттық кестеге сәйкес педагогтармен жасақталуы: Кадрлармен толықтыруы штат кестесіне сәйкес жүргізіледі. Білім беру қызметтерінің сапасы педагог кадрлардың сапалық сипаттамаларына тікелей байланысты. Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің білім деңгейі, жұмыс өтілі және біліктілік санатының болуы кадрлық әлеуметтік бағалаудың формальды көрсеткіштері болып табылады. Педагогикалық кадрлармен қамтылу мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттары ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы №77 бұйрығына өзгеріс пен енгізулер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 10 тамыздағы № 669 қаулысымен негізінде жүргізілді.

2025-2026 оқу жылында 1 педагог қызмет істейді.

Тәрбиеші:

1.Сартаева Жанна Муратовна 1986 жылы туылған, білімі жоғары, еңбек өтілі: барлығы-17 жыл, осы мектепте -7 жыл, санаты педагог-модератор.

Соңғы 3 жылдағы педагогтардың көрсеткіші

Оқу жылы	Барлығы	Жоғары білімді	Арнаулы орта білімді	Пайыздық көрсеткіш
2023-2024	2	2	-	2 (100%)
2024-2025	1	1	-	(100%)
2025-2026 1 қараша	1	1	-	1 (100%)

Педагогтарының құрамы (2025-2026 оқу жылы)

Педагогтың аты-жөні	Лауазымы	Білімі	Еңбек өтілі
Сартаева Жанна Муратовна	Мектепалды сынып тәрбиешісі	Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты, 2013 жыл Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу ЖБ-Б №0612526	17 жыл

Кемінде бес жылда бір рет педагогтердің біліктілік санатының деңгейін арттыру/растау туралы мәліметтер:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрығына сүйене отырып педагогтар 5 жылда біліктілік санаттарын арттырып немесе растап отырады.

Педагогтарды аттестаттаудан өткізу қағидалар мен шарттары

Санат	Оқу жылдары		
	2023-2024	2024-2025	2025-2026
Барлық педагог	2	1	1
Жоғары санат	0	0	0
Бірінші санат	0	0	0
Екінші санат	0	0	0
Педагог-шебер	0	0	0
Педагог-зерттеуші	1(50%)	0	0
Педагог-сарапшы	0		0
Педагог-модератор	1(50%)	1(100%)	1 (100%)
Санатсыз	0	0	0
Барлық пайыз	100%	100%	100%

Ескерту:

2023-2024 оқу жылына 2 педагог қызмет жасады. Педагог –зерттеуші бір педагог (Бексултанова Динара Сапабековна) жоғары білімді, педагог –модератор бір педагог (Сартаева Жанна Муратовна) жоғары білімді.

2024-2025 оқу жылында педагог –модератор бір педагог (Сартаева Жанна Муратовна) жоғары білімді.

2025-2026 оқу жылында педагог –модератор бір педагог (Сартаева Жанна Муратовна) жоғары білімді.

Педагогтардың санаттары бойынша мәліметтер

Педагогтың аты-жөні	Лауазымы	Санаты
Сартаева Жанна Муратовна	Мектепалды сынып тәрбиешісі	Педагог-модератор

Педагогтердің біліктілігін арттыру туралы ақпарат

Кемінде үш жылда бір рет.

Мектепте педагог кадрлардың біліктілік курстарынан уақытылы өтуін қамтамасыз ету мақсатында, перспективалық жоспар құрылып жүзеге асырылады. Осыған байланысты педагогтер біліктілігін арттыру үш жылда бір реттен кем емес жүргізіледі.

2023 жылы мектепалды сыныбының тәрбиешісі (Сартаева Жанна Муратовна) ҚР оқу-ағарту министрлігі «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ 72 сағаттық курсынан өтті.

2025-2026 оқу жылының курстары бойынша мәліметтер

№	Аты-жөні	Курстың тақырыбы	Өткен орны, уақыты	Сертификат №
1	Сартаева Жанна Муратовна	«Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің ойын құзыреттілігін дамыту»	ҚР оқу-ағарту министрлігі «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ 30.10-09.11.2023 ж 72 сағат	Сертификат №0810822

Қорытынды: Білім беру ұйымы педагогикалық ұжымының біліктілігін арттыру курстарынан уақытылы, кемінде үш жылда бір рет өтуін қамтамасыз етіледі. Педагогтерді уақытылы курстық оқытумен қамту жалпы 100 % құрайды. (Біліктілік арттыру курстарынан өткенін растайтын сертификаттардың көшірмелері қоса берілді) Жалпы педагогтердің кәсіби құзыреттілігі олардың жүргізетін оқу-тәрбие іс- әрекетіне заманауи талаптарға сай келеді. Педагогикалық білімі, біліктілігі, курстық даярлығы туралы деректер ұжымның тұрақтылығын, оның шығармашылық белсенділік әлеуетін, кәсіби құзыреттілігінің өсу динамикасының оң нәтижесін көрсетеді.

3 –Бөлім. ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕР КОНТИНГЕНТІ

Тәрбиеленушілер контингенті туралы мәліметтер

2023-2024 оқу жылында мектепалды даярлық сыныбының жалпы контингент құрамы -50 тәрбиеленуші болды. **Ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленуші** контингенті -.1 /Кәдір Ибраһим Асқарұлы/

Мектепалды даярлық сыныптары 2 .

Мектепалды даярлық «А» сыныбы-25 тәрбиеленуші (5 жастан бастап)

Мектепалды даярлық «Ә» сыныбы-25 тәрбиеленуші (5 жастан бастап)

2024-2025 оқу жылында мектепалды даярлық сыныбының жалпы контингент құрамы -14 тәрбиеленуші болды. **Ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленуші** контингенті болған жоқ.

Мектепалды «А» сыныбында – 14 тәрбиеленуші (5 жастағы)

2025-2026 оқу жылында мектепалды сыныбының жалпы контингент құрамы оқу жылының басында - 12 тәрбиеленуші болды . **Ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленуші** контингенті жоқ.

Мектепалды «А» сыныбында -12тәрбиеленуші (5 жастағы)

Мектепалды даярлық туралы мәлімет

2023-2024 оқу жылының басында

Мектепалды даярлық -2 сынып

Жалпы бала саны - 50

№	Топ, сынып	1 қыркүйекте	Оқу жылының соңында 2024 ж
1	Мектепалды даярлық «А» сыныбы	24	25
2	Мектепалды даярлық «Ә» сыныбы	25	25
Барлығы		49	50

2024-2025 оқу жылының басында

Мектепалды -1 сынып

Жалпы бала саны - 13

№	Топ, сынып	1 қыркүйекте	Оқу жылының соңында 2025 ж
1	Мектепалды «А» сыныбы	13	14
	Барлығы	13	14

2025-2026 оқу жылының 1 қарашаға

Мектепалды -1 сынып

Жалпы бала саны – 12

№	Топ, сынып	1 қыркүйекте	2025 ж 1 қараша айы
1	Мектепалды «А» сыныбы	12	10
	Барлығы	12	10

Қорытынды: Мектепалды сыныптарында жас ерекшеліктері ескеріліп, мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары №385 бұйрығына сай топталған. Мектепалды даярлық бағдарламасын өткен тәрбиеленушілерді мектепке дейінгі ұйымнан жыл сайын 1 тамызға дейін шығарып отырды.

Тәрбиеленушілердің қозғалысы туралы мәлімет

№	Аты -жөні	Бұйрық	Келген күні
1	Мейрамбек Зере Ержанқызы	№20	17.01.2024
2	Гусман Дидар Берікұлы	№225	05.10.2023
3	Азамат Алуа Болатбекқызы	№186	30.12.2024

Тәрбиеленушілердің қозғалысы туралы мәлімет

№	Аты -жөні	Бұйрық	Кеткен күні
1	Мейрамбек Зере Ержанқызы	№20	19.01.2024
2	Капенов Еркін Асылбекұлы	№84	23.10.2025
3	Сейтенов Алинур Бауыржанұлы	№85	23.10.205

ОҚУ–ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫС

Білім беру салалары мен ұйымдастырылған оқу қызметі МЖМБС және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының талаптарына сай жүзеге асырылуы

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай ауданы білім бөлімінің мемлекеттік тілде оқытатын А.Байтұрсынұлы атындағы жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі тәрбиелеу және оқыту білім беру процесі:

Жұмыс оқу жоспары «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» (ҚР БЖҒМ 20.07.2022 жылғы).

«ҚР мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» (ҚР БЖҒМ 12.05.2020 жылғы №195 бұйрығы).

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы

№499 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» (ҚР Білім және ғылым министрінің 24.09.2020 жылғы №412 бұйрығы) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың

үлгілік оқу жоспары негізінде мектепке дейінгі ұйымының оқу жұмыс жоспары әзірленеді.

«Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» негізінде жасалды. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жыл 9 қыркүйек №394 бұйрығы 2 қосымша, 3 қосымшасы негізінде оқу жұмыс жоспары жасалды.

2023-2024 оқу жылы

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай ауданы білім бөлімінің мемлекеттік тілде оқытатын Заречный жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі 2023-2024 оқу жылында мектепалды сыныптарында тәрбиелік білім беру процесі: «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 09 қыркүйектегі №394 бұйрығына 1-қосымша және Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» негізінде жасалды. Тәрбие-білім беру процесі балалардың коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеу қабілеттерін дамытуға, дене бітімін дамытуға, әлеуметтік–эмоционалдық дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығына қосымша, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығына 1-қосымша, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру үшін балалар қызметінің әртүрлі түрлері арқылы ойын түрінде ұйымдастырылған іс-әрекетті интеграциялау арқылы жүзеге асырылды. «Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында 2023-2024 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік-нұсқаулық хат» негізінде құрылған.

Мектепалды сыныптарында ұйымдастырылған іс –әрекет көлемі 20 сағат. Дене шынықтыру-3 сағат, сауат ашу негіздері 3 сағат, математика негіздері 3 сағат, көркем әдебиет 2 сағат, сөйлеуді дамыту 2 сағат, музыка 2 сағат, қоршаған ортамен танысу 2 сағат, қазақ тілі 2 сағат, сурет салу, жапсыру, құрастыру, мүсіндеу 1 сағат жүргізілді.

Күн сайын: дене шынықтыру, музыка, қазақ тілі, қарым-қатынас іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті.

Қорытынды: оқу жұмыс жоспарлары Типтік оқу жоспарының, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкестіндіріліп жасалған.

Оқу жұмыс жоспарындағы ұйымдастырылған іс-әрекет жылдық, апта көлемдері, ұзақтықтары ұйымдастырылған іс-әрекет кестелерінде, циклограммаларда (2023-2024о.ж, 2024-2025о.ж, 2025-2026 оқу жылдары) күн тәртібінде көрсетілген. Күн тәртібінің негізінде циклограммалар құрылған. Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру және өткізу кезінде тәрбиеленушілердің қызығушылықтары, қажеттіліктері, жас және жеке

ерекшеліктері ескеріледі. Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы музыка тыңдау, ән айту, әндерді жаттату, импровизация, ырғақты-музыкалық қимылдар, шулы балалар аспаптарында ойнау және басқа музыкалық іс-әрекетке уақыт бөлінеді. Мектепалды сыныптарда оқу жұмыс жоспары Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына және білім беру бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады. 2023-2024 оқу жылдарына Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12.08 №499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» бұйрығында вариативтік компонент бөлінбеген

5. Жиһаз және жабдықтармен қамтылу туралы ақпарат

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай ауданы білім бөлімінің мемлекеттік тілде оқытатын А. Байтұрсынұлы атындағы жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мектепалды сыныптарының жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз ету "Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 7 маусымдағы №265 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады

Заттық-кеңістік дамытушы ортаға қойылатын талаптар

Дамытушы заттық – кеңістіктік ортаны балалардың заттар мен ойыншықтарға еркін қол жетімділікті және күні бойы немен айналысатынын өз бетінше таңдауын, өз идеяларын іске асыру мүмкіндігін қамтамасыз ететін, олардың бастамасын қолдау үшін жоспарланған әр түрлі материалдары бар орта. Дамытушы заттық-кеңістіктік ортаға қойылатын жалпы талаптар:

- Қауіпсіз (заттардың қауіпсіздігі мен жиһаздардың орнықты орналасуы);
- Мазмұнды (заттар мен ойыншықтар, кітаптар, материалдар, құралдардың балалардың жасына және Үлгілік бағдарлама мазмұнына сәйкес болуы)
- Бай болуы (барлық тәрбиеленушілердің ойын, шығармашылық, зерттеу, танымдық әрекеттері мен қимыл белсенділігін соның ішінде ірі және ұсақ моториканы дамытуға, қимылды ойындарды ұйымдастыруға, балаларға қол жетімді материалдармен соның ішінде құммен, сумен эксперимент жасауға жабдықтардың (топта, дәлізде, ойын алаңында да) болуы)
- Қолжетімді (барлық балалар соның ішінде ерекше білімді қажет ететін балалар үшін білім беру әрекеті жүзеге асырылатын барлық топ бөлмесі, кабинеттер, дәліздердегі ойындар, ойыншықтар, материалдар, құралдардың қол жетімділігі);
- Вариативті (ойын әрекеті, шығармашылық әрекетке, оңаша болуға және басқаларға аймақтардың болуы, сондай-ақ түрлі материалдардың, ойындар, ойыншықтардың және жабдықтардың болуы)
- Көп атқарымды (балалар жиһаздарын, жұмсақ модулдерді, театрландырылған қойылымдарға арналған шымылдық және басқаларды түрліше қолдану мүмкіндігі, топта балалардың түрлі әрекеттерінде қолдануға болатын табиғи материалдардың, ойындарда қолданатын алмастырушы заттардың болуы)

- Өзгермелі (балалардың қызығушылықтары мен мүмкіндіктеріне және тәрбиелеу-білім беру процесінің мазмұнына сәйкес ортаны өзгерту мүмкіндігі болуы керек.

Коммуникативтік дағдыларды дамытуға арналған сыныпта төмендегідей ойын материалдары бар:

Ұлттық киімдегі қуыршақ сыныпта 1 данадан, қуыршақ сыныпта 3 дана, маусымдық киімдегі қуыршақ сыныпта 1 дана, қуыршақ театрының жиынтығы сыныпта 1, киіз үй сыныпта 1, ойыншық ыдыстар жиынтығы сыныпта 1, машиналар сыныпта 3 дана, көлік жиынтығы (жеңіл, жүк, әуе, су, арнайы) сыныпта 3, құммен ойнауға арналған ойыншықтар жиынтығы сыныпта 2, жануарлар, туған жер туралы альбомдар сыныпта 1 жиынтық, тақырыптар бойынша заттық суреттер сыныпта 1 жиынтық, сюжетті суреттер сыныпта 2 жиынтық бар, кітапшалар, ертегілер, оның ішінде сөйлейтін кітапшалар мен ертегілер 3 жиынтық, глобус 3 дана, көкөністер мен жемістердің мүляждары 3 жиынтық, ұсақ моториканы дамытуға арналған дидактикалық ойыншық сыныпта 5 данадан.

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту материалдары:

Дидактикалық ойындар (санау, түс, өлшем, геометриялық пішіндер, тірі және өлі табиғат 15 дана, ағаш немесе пластмасса бөлшектері бар конструктор жиынтығы сыныпта 2, демонстрациялық геометриялық пішіндер жиынтығы сыныпта 9, үлестірмелі геометриялық пішіндер жиынтығы сыныпта 15, көлемді өлшеуге арналған материалдары бар өлшейтін стақандар мен қасықтар сыныпта 5 дана, 1-ден 10-ға дейінгі сандары бар карточкалар жиынтығы сыныпта 3, 10-ға дейінгі сандары бар санамақтар 14 дана, санау таяқшалары 14 жиынтық, құмсағаты сыныпта 1 дана, сандарды зерттеуге арналған ойын кілемшесі 1 дана, циферблаты бар сағат 1 дана, өлшеуіш лента 3 дана, шахмат сыныпта 2 жинақ, дамытушы үстел ойындары 3 жинақ, кубик-рубик 3 дана, мозаика 3 дана.

Шығармашылық дағдыларды дамытуға:

Музыкалық ойыншықтар балалардың дыбыстық музыкалық аспаптары сыныпта 2 жиынтық, қоңыраулар сыныпта 10 дана, мамандыққа арналған балалар киімдері сыныпта 3 дана, марионетка қуыршақтар сыныпта 1 жиынтық, бейнелеу өнеріне арналған материалдар мен құралдар: қарандаштар (қарапайым, түрлі түсті), бор, фломастерлер, бояулар, гуашь, қылқалам, сызғыш, сорғыш қағаз сүлгілер, пластмасса стақандары 15 жиынтық, бұйымдар жасауға арналған материалдар мен құралдар: ермексаз, қамыр, саз, ағаш, желім 15 жиынтық, фигуралы үлкен трафареттер 5 жиынтық, боямақтар 15 дана, жапсыруға арналған материалдар мен құралдар: түрлі-түсті қағаз, түрлі-түсті және ақ картон, мата, желім, қайшы, скотч 15 жиынтық, зерттеу, зерделеу және бұйымдар жасауға арналған әртүрлі табиғи материалдар 2 жиынтық, Балаларға арналған мольберт 1 дана, матадан және клеенкадан жасалған алжапқыштар 15 дана, тазалауға арналған мүкәммалдар (леген, шүберектер, щеткалар) 1 жиынтық, ауыл шаруашылығы және тұрмыстық еңбектің фото және суреттері бар альбомдар 1 жиынтық, ойыншықтар-құралдар 3 жиынтық, өсімдіктерге күтім жасауға арналған құралдар жиынтығы 1 жиынтық, бөлме өсімдіктері 3, сөре 2 дана, тәжірибелерге арналған жиынтық 3 жиынтық,

табиғат күнтізбесі 1 дана, табиғат туралы кітаптар (соның ішінде сөйлейтін кітаптар) 10 дана, "Дыбыс", "су және ауа", "жылу" тақырыптары бойынша эксперименттерге арналған жабдықтар 1 жиынтық, өсімдіктер, жәндіктер туралы балалар энциклопедиялары 1 дана.

Қимыл дағдыларын дамыту мен сауықтыру дағдыларын

дамытуға әр сыныпта денсаулық бұрыштарымен жабдықталған. Ұлттық ойындарға арналған жабдықтар мен құрал-саймандар сыныпта 1 жиынтық, Қимылды ойындарға арналған жабдықтар мен құрал-саймандар сыныпта 1 жиынтық, Спорт туралы альбомы әр сыныпта 1 дана, Резеңке доп (әр түрлі диаметрлі) 2 дана, Кеглдер жиынтығы 20 дана, асық ойындарының жиынтықтары топта бар.

Әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларды қалыптастыруға және топпен жұмыс істеуге сюжеттік-рөлдік ойын 5 жинақ, тақырыптық альбомдар 5 жинақ бар.

Сыныпта жазу үстелімен, кітап сөресімен, балаларға арналған үстелдер 14 дана, балалар орындығы 28 дана, ойыншықтарды орналастыруға арналған шкафтар, қабырғалар, сөрелер, жәшіктер-қажеттілігіне қарай 3 дана, маркерлік тақта 1 дана, хабарландыру тақтасы 1 дана, материалдарды сақтауға арналған мөлдір контейнерлер 3 дана, тазалау құралдарына арналған шкаф 1 дана, бір / екі секциялы балалардың киіміне арналған шкаф 2, телевизор -1, компьютермен жабдықталған.

Дене шынықтыру залында едендегі гимнастикалық ағаш, түрлі биіктікте еңбектеуге арналған доғалар, тартуға арналған арқан, допқа арналған себет, түрлі түсті ұзын лента, түрлі түсті қысқа лента, гимнастикалық қабырғаға арналған баспалдақ, гигиеналық жабыны бар спорттық матрас, лақтыруға арналған қапшық, баскетбол добы, волейбол добы, лақтыруға арналған доп, резеңке доп, футбол добы, секіргіш, түрлі түсті жалау, жылжымалы төбешік, ойын текшесі, бірдей биіктікте еңбектеуге арналған доғалар 6 дана, кегл жиынтығы, ысқырық, құм сағат, ысқырық, секіруге арналған доп

Спорт алаңында балаларға арналған торқапшығы бар футбол қақпасы, лақтыруға арналған нысанамен жабдықталған.

Ойын алаңында ойын жабдығы, төбешік, тербелме, құмсалғыш, әткеншек, 15 орынға арналған беседка бар.

Музыка сабағы өтетін кабинетте компьютерге арналған жалғамасы бар педагог үстелі, оқу-көрнекі құралдарға арналған шкаф, балалар орындығы, көп функционалды құрылғы (көшіргіш/принтер/сканер, музыкалық шығарманы тыңдауға арналған суреттер, композиторлар портретінің жиыны

Қорытынды: мектеп алды сыныпта пәндік-дамытушы орта бағдарламаға сай жабдықталған. Кабинет қажетті оқу құралдармен, көрнекіліктермін, дидактикалық материалдармен қамтамасыз етілген. Материалдық-техникалық база қаржыландыруға байланысты жаңартылып тұрады.

6.Оқу-әдістемелік кешендердің болуы туралы мәліметтер:

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай ауданы білім бөлімінің мемлекеттік тілде оқытатын А.Байтұрсынұлы атындағы жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Мектепалды сыныптарында оқу-әдістемелік кешендер; сауат ашу негіздері, математика негіздері, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту, құрастыру, мүсіндеу, жапсыру, сурет салу, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі жұмыс дәптерлері, үлестірмелі материалдар тәрбиеленушілер санына жеткілікті қамтылған. Осы аталған жұмыс дәптерлеріне қосымша әдістемелік құрал (электрондық нұсқалары) жеткілікті. Сонымен қатар ұйымдастырылған іс-әрекетке қолданылатын қима материалдар, үлестірмелі материалдар және көрнекілік құрал топтамаларымен жабдықталған. Педагогтар тәрбиеленушілердің 5 дағдыларын дамыту мақсатында АҚТ (интернеттік ресурстарды) 100% қолданып отырады. Мектепалды сынып кабинеттерінде компьютерлер интернетке қосылып, жағдай жасалған. Әр сыныптағы **кітап бұрышы, мобильді кітапхана** балалардың жасына сай кітаптармен толықтырылып отырады.

Кітап бұрышында: Жануарлар туралы ертегілер, магнитті математика, әжемнің ертегілері, ата-баба мұрасы. Аруна баспасы, қоянның үйі. Өлең жолдарымен, танымал ертегілер. Аруна баспасы, цифрлар. Аруна баспасы, хайуанаттармен танысу, менің әлемім. Аруна баспасы, көңілді көліктер, менің алғашқы кітабым, жыл мезгілдері, төрт түлік, сыналған достық, ашық аспан астындағы мұражай, қазақ халық ертегілерінің 3 топтамасы электрондық түрде, наурыз мейрамы, кел, балалар ойнайық! т.б әдістемеліктер бар.

Қорытынды: Мектепалды сыныптары оқу-әдістемелік кешендермен талапқа сай толықтырылған. Әр сыныпта мобильді кітапхана, кітап бұрышы балалардың жасына сай әдістемелік көмекші құралдармен жабдықталған. Оқу жылының басында мемлекеттік қаржыландырудан тәрбиеленушілер санына жеткілікті көлемде оқу-әдістемелік кешендермен толықтырылды.

7.Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектепалды жастағы тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелерінің болуы;

Мектепке дейінгі ұйымның білім беру процесінің тиімділігі, сондай-ақ баланың даму динамикасы туралы ақпарат алу үшін диагностика негізінде

Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізіледі(бастапқы қыркүйекте, аралық-қаңтарда және қорытынды-мамыр айында).

Мониторингтің мақсаты:

-баланың жетістіктерін қадағалау;

- балаларды тәрбиелеу мен дамытуда жеке тәсілдерді қамтамасыз ету;
- түзету іс-шараларын жедел жоспарлау негізінде білім беру процесін жетілдіру;
- баланың мектепке дейінгі оқу бағдарлама мазмұнын меңгеру деңгейін анықтау.

Нәтижелер «Бақылау парағында» толтырылады. Алынған мәліметтер негізінде топтағы әр бір балаға Баланың жеке даму картасы толтырылады.

Мониторинг нәтижелері бойынша даму деңгейлері I, II деңгейдегі балалармен қосымша жеке жұмыстар жүргізіледі. Баланың жеке даму картасының «Дамыту, түзету іс-шаралары» бөлімінде мониторинг нәтижелері бойынша балалармен жұмыс істейтін педагогтер мен мамандар баланы одан әрі дамыту іс-шараларын толтырады.

- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізуге арналған әдістемелік ұсынымдар, Астана, 2023 жыл
- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту модельдері, ҚР Үкіметінің 2021.03.15 №137 қаулысы;
- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (ҚР Білім және ғылым министрінің 2022.09.03 №348 бұйрығы);
- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы, Қ.Р Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 тамыздағы бұйрығы (14.10.2022 жылғы №422 өзгерістер мен толықтырулармен);
- Үлгілік оқу жоспарлары (ҚР Білім Министрінің 2022 жылғы 09 қыркүйектегі №394 бұйрығы)
- Тәрбиешілер мониторинг нәтижесі бойынша балалар жетістігін саралап, анықталған балалармен жеке жұмыстар ұйымдастырып отырады.

Нәтижелер «Бақылау парағында» толтырылады. Алынған мәліметтер негізінде топтағы әрбір балаға Баланың жеке даму картасы толтырылады. Мониторинг нәтижелері бойынша даму деңгейлері I, II деңгейдегі балалармен қосымша жеке жұмыстар жүргізіледі. Баланың жеке даму картасының «Дамыту, түзету іс-шаралары» бөлімінде мониторинг нәтижелері бойынша балалармен жұмыс істейтін педагог пен мамандар баланы одан әрі дамыту іс-шараларын толтырады. Тәрбиешілер жүктемеге сай өз функцияларын толық атқарады.

2024-2025 оқу жылы

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай ауданы білім бөлімінің мемлекеттік тілде оқытатын А.Байтұрсынұлы атындағы жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі 2024-2025 оқу жылында мектепалды сыныптарында тәрбиелік білім беру процесі:

«Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 09 қыркүйектегі №394 бұйрығына 3-қосымша және Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсан №557 бұйрығына 1 қосымша «Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жұмыс жопары негізінде жасалды. Пәндердің атауына өзгеріс енгізуіне байланысты/дене шынықтыру-дене тәрбиесі, қоршаған ортамен танысу-қоршаған әлеммен танысу/ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына Қазақстан Республикасы Оқу –ағарту министрінің 2025 жылғы 16 қаңтардағы №7 бұйрығына 3-қосымша

Тәрбие-білім беру процесі балалардың коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеу қабілеттерін дамытуға, дене бітімін дамытуға, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Қазақстан Республикасы Оқу–ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығына өзгеріс енгізілді Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 17 қазанда № 30183 болып тіркелді , Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығына 1-қосымша, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру үшін балалар қызметінің әртүрлі түрлері арқылы ойын түрінде ұйымдастырылған іс-әрекетті интеграциялау арқылы жүзеге асырылды.

«Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында 2024-2025 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік-нұсқаулық хат» негізінде құрылған.

Тәрбиелеу білім беру процесі:

- перспективалық жоспарға;
- циклограммаға;
- бала дамуының мониторингі арқылы іске асырылады.

Перспективалық жоспар–ұйымдастырылған іс-әрекеттер бойынша тәрбиеші оқу жылы басталғанға дейін жылына бір рет жасады. Перспективалық жоспарда әрбір ұйымдастырылған іс-әрекеттердің Үлгілік оқу бағдарламасы негізінде бір айға міндеттері айқындалады. **Циклограмма**–әр аптаға құрылады, ол балаларды қабылдаудан бастап, түрлі балалар әрекеттерін, серуенді өткізуді, күндізгі ұйқыны ұйымдастыруды, яғни балалардың үйге қайтуына дейін күн тәртібінің орындалуын қамтамасыз етеді. Циклограмманың құрылымы **күн тәртібіне** сәйкес құрылады.

Циклограмманы жоспарлауға қойылатын талаптар:

- аптаның әрбір күніне Перспективалық жоспардағы ұйымдастырылған іс-әрекеттердің міндеттеріне сәйкес балалармен өткізілетін әрекет түрлерін анықтау;
- әрбір әрекет түрлерін өткізуде бағдарлама мазмұнын жүйелілік пен сабақтастық қағидасын сақтай отырып беру;
- балаларды тәрбиелеу мен оқытуда инновациялық технологияларды, әдістер мен тәсілдерді қолдану;
- әрбір балалар әрекетін ұйымдастыру үшін жайлы заттық дамытушы ортаны (орталықтарға бөлу және оның балаларға қолжетімді болуын қарастыру, оның мүмкіндіктерін барынша қолдану) құру.

Педагогтің міндеті— өзінің түсіндіруіне көп уақыт бөлмей, балаларды шаршатпай, жалықтырмай, түсіндіруді балалардың өзбетінше ой елегінен өткізіп, сұрақтарға жауап табуына, қолмен жасап, зерттеп, шешім шығаруына мүмкіндік беру. Ол үшін балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, ойын түрінде түрлі балалар әрекеттерін (**ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес**) ұйымдастыру. Баланы өзінің әлем туралы түсінігін құру құқығы мен мүмкіндігі бар және өз бетінше үйренуге белсенді қатысушы ретінде қабылдау. Балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруда баланың ынтасын, пікірін және тілегін ескере отырып, ойын түрінде, барлық балалармен бір уақытта ғана емес, сонымен қатар шағын топтармен өткізу, балалар әрекетінің бірнеше түрі қатар ұйымдастырылған жағдайда балаларға аталған әрекеттердің бір түрінен өзін қызықтыратын басқа екінші әрекетке ауысуға рұқсат ету, қызығып орындап отырған баланы басқа балалармен бірге еріксіз келесі әрекетке көшірмеу ұсынылады. Сондай-ақ, ұйымдастырған іс-әрекеттерді, түрлі балалар әрекеттерін тек топ бөлмесінде үстел үстінде ғана емес, серуенде, ойын алаңында және т.б. балалар үшін жайлы жағдайларда күннің бірінші және екінші жартысында өткізуге болады. Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру және өткізу кезінде тәрбиеленушілердің қызығушылықтары, қажеттіліктері, жас және жеке ерекшеліктері ескеріледі.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» №130 бұйрығының негізінде циклограммалар жазылады. ҰІӨ мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес күннің бірінші және екінші жартысында жоспарланады..

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай ауданы білім бөлімінің мемлекеттік тілде оқытатын А.Байтұрсынұлы атындағы жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мектепалды сыныптағы апталық оқу жүктемесінің жалпы көлемі мынадай:

Мектепалды тобы және сыныптарында ұйымдастырылған іс –әрекет көлемі 20 сағат. Дене тәрбиесі-3 сағат, сауат ашу негіздері 3 сағат, математика негіздері 3 сағат, көркем әдебиет 2 сағат, сөйлеуді дамыту 2 сағат, музыка 2 сағат, қоршаған әлеммен танысу 2 сағат, қазақ тілі 2 сағат, сурет салу, жапсыру, құрастыру, мүсіндеу 1 сағат жүргізілді.

Күн сайын: дене шынықтыру, музыка, қазақ тілі, қарым-қатынас іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті.

2025-2026 оқу жылы

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай ауданы білім бөлімінің мемлекеттік тілде оқытатын А.Байтұрсынұлы атындағы жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі тәрбие-білім беру процесін іске асыруды мынадай нормативтік-құқықтық актілерді басшылыққа алады:

- 1) ҚР Білім Министрінің 03.08.2022 жылғы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (ҚР Білім Министрінің 23.01.2025 № 12 бұйрығымен редакцияда);
- 2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы (Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2025 жылғы 16 қаңтардағы № 7 бұйрығымен редакцияда);
- 3) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығы (Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығымен редакцияда);
- 4) Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын қоспағанда, тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы. Оқушылардың жеке басын жан-жақты дамыту келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

- дене дамуы;
- қарым-қатынас дағдыларын дамыту;
- танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту;
- шығармашылық дағдыларды, зерттеу қызметін дамыту;
- әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру.

Физикалық даму, балалардың коммуникативті, танымдық дамуы, зияткерлік, шығармашылық дағдылар, зерттеу қабілеттері, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларды қалыптастыру мынадай ұйымдастырылған іс-әрекеттерді біріктіру арқылы жүзеге асырылады:

- 1) дене тәрбиесі;
- 2) сөйлеуді дамыту;
- 3) көркем әдебиет;
- 4) сауат ашу негіздері;
- 5) қазақ тілі;
- 6) математика негіздері;
- 7) құрастыру;
- 8) қоршаған әлеммен таныстыру;
- 9) сурет салу;
- 10) мүсіндеу;
- 11) жапсыру;
- 12) музыка.

Оқу жұмыс жоспары (ОЖЖ) бір жыл ішінде келген балаларды ескере отырып жасалады. Балаларды тәрбиелеу және оқыту процесін ұйымдастыру кезінде олардың

білім беру қажеттіліктеріне сәйкес үлгілік, оқу, арнайы, сондай-ақ жеке (бейімделген) білім беру бағдарламалары қолданылады. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар әрбір бала үшін оның ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жеке оқыту бағдарламасына негізделген жеке оқу жоспары мен жеке білім беру бағыты әзірленеді.

Мектепалды тобы үшін аптасына ұйымдастырылған іс - әрекеттің саны - 20 сағатты, мектеп жасына дейінгі балалардың құзыреттерін қалыптастыру бойынша бір ұйымдастырылған іс-әрекеттің ұзақтығы-20-25 минутты құрайды.

Ескерту (мектепалды топ 5 жастағы балалар):

Ұйымдастырылған іс-әрекет - "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 [бұйрығымен](#) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, оның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру міндеттерін іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген сабағы.

****Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді.**

*****Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы Үлгілік бағдарламада айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салтымен және дәстүрімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылады.**

******Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы музыка тыңдау, ән айту, әндерді жаттату, импровизация, ырғақты-музыкалық қимылдар, балалардың шулы аспаптарында ойнау және басқа музыкалық іс-әрекетке уақыт бөлінеді.**

«Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында 2025-2026 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік-нұсқаулық хат» негізінде құрылған.

Тәрбиелеу білім беру процесі:

- перспективалық жоспарға;
- циклограммаға;
- бала дамуының мониторингі арқылы іске асырылады.

Перспективалық жоспар–ұйымдастырылған іс-әрекеттер бойынша тәрбиеші оқу жылы басталғанға дейін жылына бір рет жасады. Перспективалық жоспарда әрбір ұйымдастырылған іс-әрекеттердің Үлгілік оқу бағдарламасы негізінде бір айға міндеттері айқындалады. **Циклограмма**–әр аптаға құрылады, ол балаларды қабылдаудан бастап, түрлі балалар әрекеттерін, серуенді өткізуді, күндізгі ұйқыны ұйымдастыруды, яғни балалардың үйге қайтуына дейін күн тәртібінің орындалуын қамтамасыз етеді. Циклограмманың құрылымы **күн тәртібіне** сәйкес құрылады.

Циклограмманы жоспарлауға қойылатын талаптар:

- аптаның әрбір күніне Перспективалық жоспардағы ұйымдастырылған іс-әрекеттердің міндеттеріне сәйкес балалармен өткізілетін әрекет түрлерін анықтау;
- әрбір әрекет түрлерін өткізуде бағдарлама мазмұнын жүйелілік пен сабақтастық қағидасын сақтай отырып беру;
- балаларды тәрбиелеу мен оқытуда инновациялық технологияларды, әдістер мен тәсілдерді қолдану;
- әрбір балалар әрекетін ұйымдастыру үшін жайлы заттық дамытушы ортаны (орталықтарға бөлу және оның балаларға қолжетімді болуын қарастыру, оның мүмкіндіктерін барынша қолдану) құру.

Педагогтің міндеті— өзінің түсіндіруіне көп уақыт бөлмей, балаларды шаршатпай, жалықтырмай, түсіндіруді балалардың өзбетінше ой елегінен өткізіп, сұрақтарға жауап табуына, қолмен жасап, зерттеп, шешім шығаруына мүмкіндік беру. Ол үшін балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, ойын түрінде түрлі балалар әрекеттерін (**ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес**) ұйымдастыру. Баланы өзінің әлем туралы түсінігін құру құқығы мен мүмкіндігі бар және өз бетінше үйренуге белсенді қатысушы ретінде қабылдау. Балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруда баланың ынтасын, пікірін және тілегін ескере отырып, ойын түрінде, барлық балалармен бір уақытта ғана емес, сонымен қатар шағын топтармен өткізу, балалар әрекетінің бірнеше түрі қатар ұйымдастырылған жағдайда балаларға аталған әрекеттердің бір түрінен өзін қызықтыратын басқа екінші әрекетке ауысуға рұқсат ету, қызығып орындап отырған баланы басқа балалармен бірге еріксіз келесі әрекетке көшірмеу ұсынылады. Сондай-ақ, ұйымдастырған іс-әрекеттерді, түрлі балалар әрекеттерін тек топ бөлмесінде үстел үстінде ғана емес, серуенде, ойын алаңында және т.б. балалар үшін жайлы жағдайларда күннің бірінші және екінші жартысында өткізуге болады. Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру және өткізу кезінде тәрбиеленушілердің қызығушылықтары, қажеттіліктері, жас және жеке ерекшеліктері ескеріледі.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» №130 бұйрығының негізінде циклограммалар жазылады. ҰІӨ мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес күннің бірінші және екінші жартысында жоспарланады.

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай ауданы білім бөлімінің мемлекеттік тілде оқытатын А.Байтұрсынұлы атындағы жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мектепалды сыныптағы апталық оқу жүктемесінің жалпы көлемі мынадай:

Мектепалды тобы және сыныптарында ұйымдастырылған іс –әрекет көлемі 20 сағат. Дене тәрбиесі-3 сағат, сауат ашу негіздері 3 сағат, математика негіздері 3 сағат, көркем әдебиет 2 сағат, сөйлеуді дамыту дамыту 2 сағат, музыка 2 сағат, қоршаған әлеммен танысу 2 сағат, қазақ тілі 2 сағат, сурет салу, жапсыру, құрастыру, мүсіндеу 1 сағат жүргізілді.

Күн сайын: дене шынықтыру, музыка, қазақ тілі, қарым-қатынас іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті.

5.Жиһаз және жабдықтармен қамтылу туралы ақпарат

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай ауданы білім бөлімінің мемлекеттік тілде оқытатын А.Байтұрсынұлы атындағы жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мектепалды сыныптарының жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз ету "Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 7 маусымдағы №265 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады

Заттық-кеңістік дамытушы ортаға қойылатын талаптар:

Дамытушы заттық – кеңістіктік ортаны-балалардың заттар мен ойыншықтарға еркін қол жетімділікті және күні бойы немен айналысатынын өз бетінше таңдауын, өз идеяларын іске асыру мүмкіндігін қамтамасыз ететін, олардың бастамасын қолдау үшін жоспарланған әр түрлі материалдары бар орта. Дамытушы заттық-кеңістіктік ортаға қойылатын жалпы талаптар:

- Қауіпсіз (заттардың қауіпсіздігі мен жиһаздардың орнықты орналасуы);
- Мазмұнды(заттар мен ойыншықтар, кітаптар, материалдар, құралдардың балалардың жасына және Үлгілік бағдарлама мазмұнына сәйкес болуы
- Бай болуы (барлық тәрбиеленушілердің ойын, шығармашылық, зерттеу, танымдық әрекеттері мен қимыл белсенділігін соның ішінде ірі және ұсақ моториканы дамытуға, қимылды ойындарды ұйымдастыруға, балаларға қол жетімді материалдармен соның ішінде құммен, сумен эксперимент жасауға жабдықтардың (топта, дәлізде, ойын алаңында да) болуы
- Қолжетімді (барлық балалар соның ішінде ерекше білімді қажет ететін балалар үшін білім беру әрекеті жүзеге асырылатын барлық топ бөлмесі, кабинеттер, дәліздердегі ойындар, ойыншықтар, материалдар, құралдардың қол жетімділігі);
- Көп атқарымды (балалар жиһаздарын, жұмсақ модулдерді, театрландырылған қойылымдарға арналған шымылдық және басқаларды түрліше қолдану мүмкіндігі, топта балалардың түрлі әрекеттерінде қолдануға болатын табиғи материалдардың, ойындарда қолданатын алмастырушы заттардың болуы
- Өзгермелі (балалардың қызығушылықтары мен мүмкіндіктеріне және тәрбиелеу-білім беру процесінің мазмұнына сәйкес ортаны өзгерту мүмкіндігі болуы керек.

Коммуникативтік дағдыларды дамытуға арналған сыныпта төмендегідей ойын материалдары бар:

Ұлттық киімдегі қуыршақ сыныпта 1 данадан, қуыршақ сыныпта 3 дана, маусымдық киімдегі қуыршақ сыныпта 1 дана, қуыршақ театрының жиынтығы сыныпта 1, киіз үй

сыныпта 1, ойыншық ыдыстар жиынтығы сыныпта 1, машиналар сыныпта 3 дана, көлік жиынтығы (жеңіл, жүк, әуе, су, арнайы) сыныпта 3, құммен ойнауға арналған ойыншықтар жиынтығы сыныпта 2, жануарлар, туған жер туралы альбомдар сыныпта 1 жиынтық, тақырыптар бойынша заттық суреттер сыныпта 1 жиынтық, сюжетті суреттер сыныпта 2 жиынтық бар, кітапшалар, ертегілер, оның ішінде сөйлейтін кітапшалар мен ертегілер 3 жиынтық, глобус 3 дана, көкөністер мен жемістердің муляждары 3 жиынтық, ұсақ моториканы дамытуға арналған дидактикалық ойыншық сыныпта 5 данадан.

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту материалдары:

Дидактикалық ойындар (санау, түс, өлшем, геометриялық пішіндер, тірі және өлі табиғат 15 дана, ағаш немесе пластмасса бөлшектері бар конструктор жиынтығы сыныпта 2, демонстрациялық геометриялық пішіндер жиынтығы сыныпта 9, үлестірмелі геометриялық пішіндер жиынтығы сыныпта 15, көлемді өлшеуге арналған материалдары бар өлшейтін стақандар мен қасықтар сыныпта 5 дана, 1-ден 10-ға дейінгі сандары бар карточкалар жиынтығы сыныпта 3, 10-ға дейінгі сандары бар санамақтар 14 дана, санау таяқшалары 14 жиынтық, құмсағаты сыныпта 1 дана, сандарды зерттеуге арналған ойын кілемшесі 1 дана, циферблаты бар сағат 1 дана, өлшеуіш лента 3 дана, шахмат сыныпта 2 жинақ, дамытушы үстел ойындары 3 жинақ, кубик-рубик 3 дана, мозаика 3 дана.

Шығармашылық дағдыларды дамытуға:

Музыкалық ойыншықтар балалардың дыбыстық музыкалық аспаптары сыныпта 2 жиынтық, қоңыраулар сыныпта 10 дана, мамандыққа арналған балалар киімдері сыныпта 3 дана, бейнелеу өнеріне арналған материалдар мен құралдар: қарандаштар (қарапайым, түрлі түсті), бор, фломастерлер, бояулар, гуашь, қылқалам, сызғыш, сорғыш қағаз сүлгілер, пластмасса стақандары 15 жиынтық, бұйымдар жасауға арналған материалдар мен құралдар: ермексаз, қамыр, саз, ағаш, желім 15 жиынтық, фигуралы үлкен трафареттер 5 жиынтық, боямақтар 15 дана, жапсыруға арналған материалдар мен құралдар: түрлі-түсті қағаз, түрлі-түсті және ақ картон, мата, желім, қайшы, скотч 15 жиынтық, зерттеу, зерделеу және бұйымдар жасауға арналған әртүрлі табиғи материалдар 2 жиынтық, Балаларға арналған мольберт 1 дана, матадан және клеенкадан жасалған алжапқыштар 15 дана, тазалауға арналған мүкәммалдар (леген, шүберектер, щеткалар) 1 жиынтық, ауыл шаруашылығы және тұрмыстық еңбектің фото және суреттері бар альбомдар 1 жиынтық, ойыншықтар-құралдар 3 жиынтық, өсімдіктерге күтім жасауға арналған құралдар жиынтығы 1 жиынтық, бөлме өсімдіктері 3, сөре 2 дана, тәжірибелерге арналған жиынтық 3 жиынтық, табиғат күнтізбесі 1 дана, табиғат туралы кітаптар (соның ішінде сөйлейтін кітаптар) 10 дана,

Қимыл дағдыларын дамыту мен сауықтыру дағдыларын дамытуға әр сыныпта денсаулық бұрыштарымен жабдықталған. Ұлттық ойындарға арналған жабдықтар мен құрал-саймандар сыныпта 1 жиынтық, Қимылды ойындарға арналған жабдықтар мен құрал-саймандар сыныпта 1 жиынтық, Спорт туралы альбомы әр сыныпта 1 дана, Резеңке доп (әр түрлі диаметрлі) 2 дана, Кеглдер жиынтығы 20 дана, асық ойындарының жиынтықтары топта бар.

Әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларды қалыптастыруға және топпен жұмыс істеуге сюжеттік-рөлдік ойын 5 жинақ, тақырыптық альбомдар 5 жинақ бар.

Сынып жазу үстелімен, кітап сөресімен, балаларға арналған үстелдер 14 дана, балалар орындығы 28 дана, ойыншықтарды орналастыруға арналған шкафтар, қабырғалар, сөрелер, жәшіктер-қажеттілігіне қарай 3 дана, маркерлік тақта 1 дана, хабарландыру тақтасы 1 дана, материалдарды сақтауға арналған мөлдір контейнерлер 3 дана, тазалау құралдарына арналған шкаф 1 дана, бір / екі секциялы балалардың киіміне арналған шкаф 2, телевизор-1, компьютермен жабдықталған.

Дене шынықтыру залында едендегі гимнастикалық ағаш, түрлі биіктікте еңбектеуге арналған доғалар, тартуға арналған арқан, допқа арналған себет, түрлі түсті ұзын лента, түрлі түсті қысқа лента, гимнастикалық қабырғаға арналған баспалдақ, гигиеналық жабыны бар спорттық матрас, лақтыруға арналған қапшық, баскетбол добы, волейбол добы, лақтыруға арналған доп, резеңке доп, футбол добы, секіргіш, түрлі түсті жалау, жылжымалы төбешік, ойын текшесі, бірдей биіктікте еңбектеуге арналған доғалар 6 дана, кегл жиынтығы, ысқырық, құм сағат, ысқырық,

Спорт алаңында балаларға арналған торқапшығы бар футбол қақпасы, лақтыруға арналған нысанамен жабдықталған.

Ойын алаңында ойын жабдығы, төбешік, тербелме, құмсалғыш, әткеншек, 15 орынға арналған беседка бар.

Музыка сабағы өтетін кабинетте компьютерге арналған жалғамасы бар педагог үстелі, оқу-көрнекі құралдарға арналған шкаф, балалар орындығы, көп функционалды құрылғы (көшіргіш/принтер/сканер, музыкалық шығарманы тындауға арналған суреттер

Қорытынды: мектеп алды сыныпта пәндік-дамытушы орта бағдарламаға сай жабдықталған. Кабинет қажетті оқу құралдармен, көрнекіліктермін, дидактикалық материалдармен қамтамасыз етілген. Материалдық-техникалық база қаржыландыруға байланысты жаңартылып тұрады.

6.Оқу-әдістемелік кешендердің болуы туралы мәліметтер:

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай ауданы білім бөлімінің мемлекеттік тілде оқытатын А.Байтұрсынұлы атындағы жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мектепалды сыныптары оқу-әдістемелік кешендермен талапқа сай толықтырылған.

Мектепалды сыныптарында оқу-әдістемелік кешендер; сауат ашу негіздері, математика негіздері, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту, құрастыру, мүсіндеу, жапсыру, сурет салу, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі жұмыс дәптерлері, үлестірмелі материалдар тәрбиеленушілер санына жеткілікті қамтылған. 12 тәрбиеленушіге 12 дана жұмыс дәптерлері бар.Осы аталған жұмыс дәптерлеріне қосымша әдістемелік құрал (электрондық нұсқалары) жеткілікті. Сонымен қатар ұйымдастырылған іс-әрекетке қолданылатын қима материалдар, үлестірмелі материалдар және көрнекілік құрал топтамаларымен жабдықталған.Педагог тәрбиеленушілердің 5 дағдыларын дамыту мақсатында АҚТ (интернеттік ресурстарды) 100% қолданып отырады. Мектепалды сынып кабинетінде компьютер интернетке қосылып, жағдай жасалған. Әр сыныпта **кітап бұрышы, мобильді кітапхана** балалардың жасына сай кітаптармен толықтырылып отырады. **Кітап бұрышында:**Жануарлар туралы ертегілер,магнитті математика, әжемнің ертегілері, ата-баба мұрасы.Аруна баспасы, қоянның үйі.Өлең жолдарымен, танымал ертегілер.Аруна баспасы,цифрлар.Аруна баспасы, хайуанаттармен танысу, менің әлемім.Аруна баспасы, көңілді көліктер, менің алғашқы кітабым, жыл мезгілдері, төрт түлік, сыналған достық,ашық аспан астындағы мұражай, қазақ халық ертегілерінің 3 топтамасы электрондық түрде, наурыз мейрамы, кел,балалар ойнайық! т.б әдістемеліктер бар.

Қорытынды: Мектепалды сыныбы оқу-әдістемелік кешендермен талапқа сай толықтырылған. Сыныпта мобильді кітапхана, кітап бұрышы балалардың жасына сай әдістемелік көмекші құралдармен жабдықталған.

7.Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектепалды жастағы тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелерінің болуы;

Мектепке дейінгі ұйымның білім беру процесінің тиімділігі, сондай-ақ баланың даму динамикасы туралы ақпарат алу үшін диагностика негізінде

Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізіледі(бастапқы қыркүйекте, аралық-қаңтарда және қорытынды-мамыр айында).

Мониторингтің мақсаты:

-баланың жетістіктерін қадағалау;

- балаларды тәрбиелеу мен дамытуда жеке тәсілдерді қамтамасыз ету;

- түзету іс-шараларын жедел жоспарлау негізінде білім беру процесін жетілдіру;

- баланың мектепке дейінгі оқу бағдарлама мазмұнын меңгеру деңгейін анықтау.

Нәтижелер «Бақылау парағында» толтырылады. Алынған мәліметтер негізінде топтағы әр бір балаға Баланың жеке даму картасы толтырылады.

Мониторинг нәтижелері бойынша даму деңгейлері I, II деңгейдегі балалармен қосымша жеке жұмыстар жүргізіледі. Баланың жеке даму картасының «Дамыту, түзету іс-шаралары» бөлімінде мониторинг нәтижелері бойынша балалармен жұмыс істейтін педагогтер мен мамандар баланы одан әрі дамыту іс-шараларын толтырады.

- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізуге арналған әдістемелік ұсынымдар, Астана, 2023 жыл

- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту модельдері, ҚР Үкіметінің 2021.03.15 №137 қаулысы;

- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (ҚР Білім және ғылым министрінің 2022.09.03 №348 бұйрығы);

- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы, Қ.Р Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 тамыздағы бұйрығы (14.10.2022 жылғы №422 өзгерістер мен толықтырулармен);

- Үлгілік оқу жоспарлары (ҚР Білім Министрінің 2022 жылғы 09 қыркүйектегі №394 бұйрығы)

- Тәрбиешілер мониторинг нәтижесі бойынша балалар жетістігін саралап, анықталған балалармен жеке жұмыстар ұйымдастырып отырады.

Нәтижелер «Бақылау парағында» толтырылады. Алынған мәліметтер негізінде топтағы әрбір балаға Баланың жеке даму картасы толтырылады. Мониторинг нәтижелері бойынша даму деңгейлері I, II деңгейдегі балалармен қосымша жеке жұмыстар жүргізіледі. Баланың жеке даму картасының «Дамыту, түзету іс-шаралары» бөлімінде мониторинг нәтижелері бойынша балалармен жұмыс істейтін педагог пен мамандар баланы одан әрі дамыту іс-шараларын толтырады. Тәрбиешілер жүктемеге сай өз функцияларын толық атқарады.

Тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (бастапқы) болуы және нәтижелерін талдау;

2023-2024 оқу жылындағы бастапқы мониторингтің көрсеткіші төмендегідей:

№	Сынып	Бала саны	Физикалық қасиеттерді дамыту			Коммуникативтік дағдыларды дамыту			Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту			Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту			Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру		
			Жоғары деңгей	Орташа деңгей	Төмен деңгей	Жоғары деңгей	Орташа деңгей	Төмен деңгей	Жоғары деңгей	Орташа деңгей	Төмен деңгей	Жоғары деңгей	Орташа деңгей	Төмен деңгей	Жоғары деңгей	Орташа деңгей	Төмен деңгей
1	Мектепалды «А» сыныбы (5жастағы)	24	9	14	1	8	14	2	7	15	2	8	14	2	7	15	2
			41%	58%	5%	36%	58%	9%	32%	63%	9%	36%	58%	9%	32%	63%	9%
2	Мектепалды «Ә» сыныбы	25	10	12	3	9	12	4	10	11	4	10	11	4	10	11	4
		100%	40%	48%	12%	36%	48%	16%	40%	44%	16%	40%	44%	16%	40%	44%	16%
Барлығы		50	19	26	4	17	26	6	17	26	6	18	26	6	17	26	6
		100%	40%	52%	8,5%	36,1%	52%	12%	36%	52%	12%	38%	52%	12%	36%	52%	12%

Қорытынды:

Мектепалды «А» сыныбында 24 бала.

Физикалық қасиеттерді дамыту- 9 бала 41%, коммуникативтік дағдыларды дамыту- 8 бала 36%, танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту- 7 бала 32%, шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту- 8 бала 36%, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру- 7 бала 32% көрсеткіш болды.

Жалпы жоғары деңгей көрсеткіші 35,4%

Мектепалды «Ә» сыныбында 25 бала.

Физикалық қасиеттерді дамыту- 10 бала 40%, коммуникативтік дағдыларды дамыту- 9 бала 36%, танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту- 10 бала 40%, шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту- 10 бала 40%, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру- 10 бала 40% көрсеткіш болды.

Жалпы жоғары деңгей көрсеткіші 39,2%

2024-2025 оқу жылындағы **бастапқы** мониторингтің көрсеткіші төмендегідей:

№	Сынып	Бала саны	Физикалық қасиеттерді дамыту			Коммуникативтік дағдыларды дамыту			Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту			Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту			Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру		
			Жоғары деңгей	Орташа деңгей	Төмен деңгей	Жоғары деңгей	Орташа деңгей	Төмен деңгей	Жоғары деңгей	Орташа деңгей	Төмен деңгей	Жоғары деңгей	Орташа деңгей	Төмен деңгей	Жоғары деңгей	Орташа деңгей	Төмен деңгей
1	Мектепалды «А» сыныбы	13	7	4	2	7	4	2	8	3	2	8	3	2	8	3	2
		100%	54%	31%	15%	54%	31%	15%	62%	23%	15%	62%	23%	15%	62%	23%	15%
Барлығы		13	7	4	2	7	4	2	8	3	2	8	3	2	8	3	2
		100%	54%	31%	15%	54%	31%	15%	62%	23%	15%	62%	23%	15%	62%	23%	15%

Қорытынды:

Мектепалды «Ә» сыныбында 13 бала.

Физикалық қасиеттерді дамыту- 7 бала 54%, коммуникативтік дағдыларды дамыту- 7 бала 54%, танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту- 8 бала 62%, шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту- 8 бала 62%, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру- 8 бала 62% көрсеткіш болды.

Жалпы жоғары деңгей көрсеткіші 58%

2025-2026 оқу жылындағы **бастапқы** мониторингтің көрсеткіші төмендегідей:

№	Сынып	Бала саны	Физикалық қасиеттерді дамыту			Коммуникативтік дағдыларды дамыту			Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту			Шығармашылдық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту			Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру		
			Жоғары деңгей	Орташа деңгей	Төмен деңгей	Жоғары деңгей	Орташа деңгей	Төмен деңгей	Жоғары деңгей	Орташа деңгей	Төмен деңгей	Жоғары деңгей	Орташа деңгей	Төмен деңгей	Жоғары деңгей	Орташа деңгей	Төмен деңгей
1	Мектепалды «А»сыныбы (5жастағы)	12	3	9	0	3	8	1	2	9	1	3	8	1	2	9	1
		100%	25 %	75 %	0%	25 %	67 %	8 %	20 %	75 %	8%	35 %	67 %	8%	17 %	75 %	8%
Барлығы		12	3	7	0	3	8	1	2	9	1	3	8	1	2	9	1
		100%	25 %	75 %	0%	25 %	67 %	8 %	17 %	75 %	8%	25 %	67 %	8%	17 %	75 %	8%

Қорытынды:

Мектепалды «А» сыныбында 12 бала.

Физикалық қасиеттерді дамыту- 3 бала 25%, коммуникативтік дағдыларды дамыту- 3 бала 25%, танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту- 2 бала 20%, шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту- 3 бала 25%, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру- 2 бала 17% көрсеткіш болды.

Жалпы жоғары деңгей көрсеткіші :22,4%

Үлгілік оқу бағдарламасына қосымшаға сәйкес балалардың жасын ескере отырып, тәрбиеленушілердің жетістіктері мониторинг нәтижелерінің **(қорытынды)** болуы және талдау

2023-2024 оқу жылындағы **қорытынды** мониторингтің көрсеткіші төмендегідей:

№	Сынып	Бала саны	Физикалық қасиеттерді дамыту			Коммуникативтік дағдыларды дамыту			Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту			Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту			Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру		
			Жоғары деңгей	Орта деңгей	Төмен деңгей	Жоғары деңгей	Орта деңгей	Төмен деңгей	Жоғары деңгей	Орта деңгей	Төмен деңгей	Жоғары деңгей	Орта деңгей	Төмен деңгей	Жоғары деңгей	Орта деңгей	Төмен деңгей
1	Мектепалды «А»сыныбы (5жастағы)	25	11	14	0	11	13	1	10	14	1	11	14	0	10	15	0
		100%	46 %	56 %	0%	46 %	52 %	4 %	42 %	56 %	1%	46 %	56 %	0	42 %	60 %	0
2	Мектепалды «Ә» сыныбы	25	15	10	0	14	11	0	14	11	0	16	9	0	15	10	0
		100%	60 %	40 %	0%	56 %	44 %	0 %	56 %	44 %	0%	64 %	36 %	0%	60 %	40 %	0%
Барлығы		50	26	24	0	25	24	1	24	24	1	27	23	0	25	25	0
		100%	53 %	48 %	0%	51 %	48 %	2 %	48 %	48 %	2%	55 %	46 %	0	51 %	51 %	0%

Қорытынды:

Мектепалды «А» сыныбында 25 бала.

«Денсаулық» саласынан- 11 бала 46%, «Қатынас» саласынан -11 бала 46%, «Таным» саласынан- 10 бала 42%, «Шығармашылық» саласынан -11 бала 46%, «Әлеумет» саласынан -10 бала 42 % көрсеткіш болды.

Жалпы жоғары деңгей көрсеткіші 44%

Мектепалды «Ә» сыныбында 25 бала.

Физикалық қасиеттерді дамыту- 15 бала 60%, коммуникативтік дағдыларды дамыту- 14 бала 56%, танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту- 14 бала 56%, шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту- 16 бала 64%, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру- 15 бала 60% көрсеткіш болды.

Жалпы жоғары деңгей көрсеткіші 59%

2024-2025 оқу жылындағы **қорытынды** мониторингтің көрсеткіші төмендегідей:

№	Сынып	Бал а сан ы	Физикалық қасиеттерді дамыту			Коммуникативтік дағдыларды дамыту			Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту			Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту			Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру		
			Жоғары деңгей	Орташа деңгей	Төмен деңгей	Жоғары деңгей	Орташа деңгей	Төмен деңгей	Жоғары деңгей	Орташа деңгей	Төмен деңгей	Жоғары деңгей	Орташа деңгей	Төмен деңгей	Жоғары деңгей	Орташа деңгей	Төмен деңгей
3	Мектепалды «А» сыныбы (5 жастағы балалар)	14	9	5	0	10	4	0	10	4	0	10	4	0	9	5	0
		100 %	64 %	29 %	0 %	71 %	29 %	0 %	71 %	29 %	0 %	71 %	29 %	0 %	64 %	36 %	0 %
Барлығы		14	9	5	0	10	4	0	10	4	0	10	4	0	9	5	0
		100 %	64 %	29 %	0 %	71 %	29 %	0 %	71 %	29 %	0 %	71 %	29 %	0 %	64 %	36 %	0 %

Қорытынды:

Мектепалды «А» сыныбында 14 бала. Физикалық қасиеттерді дамыту- жоғары деңгей 9 бала 64%, коммуникативтік дағдыларды дамыту- 10 бала 71%, танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту- 10 бала 71%, шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту- 10 бала 71%, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру- 9 бала 64% көрсеткіш болды.

Жалпы жоғары деңгей көрсеткіші 68%

Қорытынды: Деректерді талдай отырып, стандарты бағдарламаны игеру деңгейін арттыру үшін педагогтардың мақсатты жұмыс жүргізді деген қорытынды жасауға болады. Мониторинг нәтижелерін талдаудан мектеп жасына дейінгі балалардың құзыреттілігін дамыту көрсеткіштерін қолданудың жоғары деңгейі оқу жылының басындағы нәтижелер мен салыстырғанда оқу жылының соңына қарай артты. Балалардың негізгі құзыреттіліктерін қалыптастыруда оң нәтиже айқын: құзыреттіліктердің қалыптасуы төмен деңгейіне дейін азайды, балалардың білім берік, тәрбиеленушілер оларды күнделікті өмірде қолдана алады. Демек, мектепке дейінгі білім беру бойынша Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттың барлық бағыттары бойынша мектепалды сынып тәрбиеленушілерінің өсуі мен тұрақтылығы байқалады.

(Осы соңғы үш жылдың Баланың біліктілік дағдыларын бақылау мониторингі, жиынтық есеп, анықтамалары және баланың жеке даму карталарының **көшірмелері** қоса беріліп отыр)

Қорытындылау

Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауы жалпы білім беру ұйымдары бойынша, оның ішінде тиісті білім деңгейіне қарай білім беру деңгейлері, мамандықтары немесе кадрлар даярлау бағыттары бойынша қорытынды түрінде ресімделді. Мектеп туралы жалпы мәліметтер алғашқы парақтарда берілді

Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар жұмыс оқу жоспарларымен сәйкес және сақталынған

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың МЖМБС 1-сыныпқа қабылданғанға дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесін игеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалауға қойылатын талаптар орындалған.

Стандарт талаптарына сәйкес әзірленген оқу жоспарларында балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес кіріктірілген ұйымдастырылған іс-әрекет жоспарланып, жүзеге асырылды. Сондай-ақ, ұйымдастырған іс-әрекеттерді, түрлі балалар әрекеттерін тек топ бөлмесінде үстел үстінде ғана емес, серуенде, ойын алаңында және т.б. балалар үшін жайлы жағдайларда өткізіліп отырады.

Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру және өткізу кезінде тәрбиеленушілердің қызығушылықтары, қажеттіліктері, жас және жеке ерекшеліктері ескеріліп отырылды.

Білім беру мекемесі педагогикалық кадрлармен қамтылу (штаттық кесте/тарификация бойынша педагогтердің жалпы саны, лауазымдары бойынша, білімі бойынша талданды.

Білім беру мекемесі педагогикалық кадрлармен толық қамтамасыз етілген.